



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
имени АЛЬ-ФАРАБИ

**«ЭКОНОМИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ  
НЕГІЗДЕРІ РЕТІНДЕ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ  
БИЗНЕС ИНТЕГРАЦИЯСЫ» атты  
45-інші ғылыми-әдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**3-КІТАП**

**МАТЕРИАЛЫ  
45-ой научно-методической конференции  
«ИНТЕГРАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И  
БИЗНЕСА КАК ОСНОВА ИННОВАЦИОННОГО  
РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ»**

**КНИГА 3**

АЛМАТЫ 2015

для  
твое  
ема  
олы  
sd-

## МАЗМУНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### СЕКЦИЯ

#### ҒЫЛЫМ МЕН БИЗНЕС ИНТЕГРАЦИЯСЫ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

#### НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РЕАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ В РАМКАХ ИНТЕГРАЦИИ НАУКИ И БИЗНЕСА

<b>Aytasheva Z., Dzhangalina E., Zhumabayeva B., Kalimagambetov A.</b> Prospects of integrating science, business and administration in light of gender parity.....	3
<b>Jenis J., Dusebaeva M.A., Vazhikova G.B.</b> Teaching approaches, a combination of education and research in universities.....	5
<b>Абдибаттаева М.М., Итжанова К.С., Рысмагамбетова А.А.</b> Түрлі салада күн энергиясын қолдану бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесімен тоғыстырылған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру.....	7
<b>Абдигалиева Г.Қ., Басығариева Ж.А., Омарғазы Е.Е.</b> Ғылыми жобалардың нәтижелерін білім беру бағдарламаларына енгізу бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар .....	12
<b>Абишев М.Е., Бейсен Н., Белисарова Ф.Б.</b> О стимулировании исследовательской и инновационной активности в университетах Казахстана.....	14
<b>Адилбекова А.О., Омарова К.И., Мусабеков К.Б.</b> Внедрение результатов НИР в дисциплину «Технология деэмульгирования нефти» для подготовки профессионально-компетентных студентов.....	16
<b>Аймаганбетова О.Х., Сағнаева Т.Ж., Толегенова А.А., Жубаназарова Н.С.</b> Научно-методические основы формирования профессиональной готовности студентов психологических факультетов в контексте интеграции науки и бизнеса.....	19
<b>Альжанова А.Б.</b> Роль СМИ в популяризации инновационной деятельности и технологического предпринимательства.....	23
<b>Алимжанова Л.М., Сарбасова А.К.</b> Интеграция современных требований научного и бизнес-сообщества в разработку образовательных программ через эффективное использование СРС.....	26
<b>Амиркулова Ж.А., Рамазанова А.Х.</b> Философские обоснования интеграции науки и бизнеса.....	28
<b>Аскарова А.С., Болегенова С.А., Шортанбаева Ж.К.</b> Об опыте использования результатов научных исследований в учебном процессе.....	30
<b>Әрінова Б.А., Рамазанова С.Ә.</b> Студент жастарды ғылым мен бизнес интеграциясы аясындағы полимәдениеттілікке тәрбиелеу жолдары .....	33



Признанными результатами работы являются успешно защищенные дипломные работы, магистерские и докторские диссертации; полученные акты о внедрении в учебный процесс, в производство; научные публикации, выступления на конференциях различного уровня; грамоты и сертификаты.

Б.А. Әрінова, С.Ә. Рамазанова

### СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ҒЫЛЫМ МЕН БИЗНЕС ИНТЕГРАЦИЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ ПОЛИМӘДЕНИЕТТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Жаңа ғасырдың қазіргі заманауи даму бағыттары ЖОО білім алушы жастардың нәтижелі білім алып, елінің болашағы үшін қызмет етуіне жол ашумен қатар, сол жолға жетудің қоғамдық-әлеуметтік талаптарын да қоса ұсынады. Сол себепті бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде қоғам сұранысын қанағаттандыру мақсатында студент жастарға ғылым мен білімнің интеграциясындағы полимәдениетті білім мен тәрбие беру мәселесіне баса назар аударылуда.

Болашақ кәсіби мамандарға арналған білім беру мен ғылымның бизнес интеграциясы аясында тоғыстырылған бағдарламаларын жүзеге асыру, сапалы білім алуға қажетті үшін заманауи әдістер мен технологияларды ендіру, білім беру жүйесін тұтастай инновацияландыру, кредиттік оқу жүйесіне сай жастардың білімге қолжетімдігін кеңейту сияқты мәселелердің жыл сайынғы Жолдауларда арнайы айтылуы жоғары білім беру жүйесіне де зор міндеттер жүктейді. Еліміздің өркендеуіне жана серпін беретін, халықтың игілігіне бағытталған аса маңызды тарихи құжат болып табылатын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты кезекті Жолдауында әрбір жас қазақстандықтардың өсіп-өркендеуіне, нәтижелі білім алуына мол мүмкіндіктердің жасалып отырғандығы айтылған.

Ендеше, бүгінгі еңбек нарығында шығармашылық түрде креативті ойлай алатын, интеллектуалдық әлеуеті жоғары, алған білімін кез келген салада құзыреттілікпен қолдана алуға қабілетті мамандар дайындау жоғары оқу орындарының басты мақсаты болмақ. Сондықтан жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде еліміздегі тұрақтылық пен татулықты, халықтар арасындағы ынтымақтастықты сақтай білуге, ата-баба дәстүрін жалғастырып, өткен тарихты құрметтеп, бүгінгі болашаққа үлкен сенім артуы тиіс.

«Тұрақтылық пен келісім дегеніміз не? Ол отбасылық әл-ауқат, қауіпсіздік, баспана. Бейбітшілік - ол әке мен ана қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің балаларымыздың бақыты. Бейбітшілік - ол тұрақты жұмыс, жалақы және ертеңгі күнге деген сенім. Бейбітшілік пен тұрақтылық - күн сайынғы еңбекпен қорғап, нығайтуды қажет ететін жалпыхалықтық жетістік. Мен жастар - біздің болашағымыздың тірегі дегенді өркез айтып келемін. Мемлекет жана буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!», - деп Жолдауда айтылғандай, Мәңгілік елдің нұрлы болашағы – жастардың білім алуы мен тәрбиесінің ғылым мен бизнес интеграциясы аясында ғана емес, сонымен қатар олардың кісілік келбетін көрсететін рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде ұйымдастырылуының да қажеттігін айқындайды. [1].

Қазіргі жастарға берілетін білім мазмұнының көптілділікпен, яғни үш тілде берілуі толеранттық, бейбітшілік, өзара татулық тұрғысында мәдениеті ортақ ел қалыптастырудың қоғамдық-әлеуметтік негізін құраса, рухани-адамгершілік тәрбие жақсы адам қалыптастыру мақсатын жүзеге асырады. Сондықтан қазіргі студент жастардың еңбек нарығында, бәсекеге қабілеттілік таныта алатын, алған ғылыми білім негіздерін мемлекетіміздің барлық саласында, әсіресе бизнесте іске асыратын болашақ кәсіби маман ретінде қалыптасуында рухани-адамгершілік білім берудің өзегі болып табылатын жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың да орны ерекше болмақ.

«Жақсы маман болу үшін алдымен жақсы адам болу керек», - дейтін қағиданы ұстанатын болсақ, жоғары оқу орындарындағы білім беру, оқыту және тәрбиелеу үдерісіндегі тұлға тәрбиесінің ұлттық ұлағатқа құрылып, адамгершілік мұраттармен өрімделуін қамтамасыз ету қажет. Адамгершілік құндылықтарға негізделген білім мазмұны кез келген ортада, біртүрлі немесе көптілді ортада болмасын бір ғана мақсатқа, яғни өз ұлтын сүйетін елжанды және өзге ұлттарды құрметтей алатын полимәдениетті, толерантты тұлға тәрбиесіне құрылады. Қазіргі экономикалық стратегиялар болашақ маманның көптілді білім алу арқылы көпмәдениетті ортада қосалалы өндірістік қатынастарға түсе алатындай ғылым негіздерін менгеріп, оларды білімдік тұрғыда ұтымды пайдалана



алуларын қажет етеді. Бұл кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуына жол ашып, студенттерді университет қабырғасында жүріп болашақ мамандығы бойынша бизнестің менеджментін дұрыс түсінуіне әкеледі.

Жоғары мектепте білімденушілер қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас, шет тілдерін – экономикалық қажеттілікті, бизнесті және жалпы мәдениетті дамытқыш құралы тұрғысындағы халықаралық тіл ретінде білетін болса, олар ғылым мен білімнің интеграциясында әлемдік мәдениетті, ел мен халықтың рухани мұраларын тануды, этносаралық мәдени өзара байланысқа жетуді жүзеге асыруға мүдделі болады [2]. Бүгінгі таңда халықаралық қатынастардың күшейіп, соған сәйкес халықтар арасындағы өзара түсіністік мәселесінің алдыңғы қатарға шығуы, шетел тілін меңгеруде тіл мен мәдениет мәселелерінің ара қатынасына, олардың өзара байланысына, әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы диалогтің өзара түсіністік, ынтымақтастық жағдайында өрбіп, қалыптасуына ерекше талап қойылады. Мұндай талап көптілділікті меңгеруде әрбір халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшеліктерді құрметтеуге бағытталады. Өйткені кез келген маман алдымен өз елінің қоғамдық-әлеуметтік саласының дамуына үлес қоса отырып оның әлемдік аренаға шығаруға мүдделі болуы тиіс.

Осы ретте әлемдік білім жүйесінің талаптарын басшылыққа ала отырып, қазіргі оқыту мен тәрбие үдерісінде студент жастардың құндылық бағдарының ұлттық ерекшеліктермен өрімделуіне назар аудармаса болмайды. Сондықтан, бакалаврлар мен магистранттарға ана тілінің аясында және басқа тілдерді үйрену арқылы ұлттық және әлемдік мәдениетті игерулеріне, өз халқы және Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеп құрметтеуіне жағдай жасау үшін оларды көптілділікті меңгерте отырып көпмәдениеттілікке тәрбиелеу қажет.

Жастардың төл мәдениеттен нәр алуы, еліміздің тарихи өткенін оқып-үйренуі, қоғамдағы достық ахуал мен бейбітшілікті сақтауды түсінуге, ұлтаралық рухани келісімді нығайтуға негіз болады. Жастардың бойында қалыптасатын елжандылық, азаматтық, болашаққа деген үлкен сенім адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ізгілікті көзқарас, өз еліне деген мақтаныш сезім бәрі ұлттық ұлағаттың көрінісі болып саналады. Сол себепті қазақ халқының мәдени мұралары қай уақытта болмасын мемлекет құрушы ұлттың рухани құндылықтары ретінде қазіргі студент жастардың көпмәдениеттілік тәрбиесінде аса маңызды болып қала береді [3].

Мемлекет қай кезде болмасын ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, ұлттық ұлағатты ұлықтайтын ел азаматын тәрбиелеуді мақсат тұтқаны бәрімізге аян. Ендеше, қазіргі көптілділікті қажет ететін ғаламдану жағдайында жоғары білімді мамандардың тұлғалық қалыптасуында тәрбиеге ерекше мән беріледі, ал білімді, тәрбиелі тұлға ең алдымен өзінің ана тілінде қарым-қатынасқа түсе алуы керек. Сондықтан өркениеттер тоғысында ана тілі білімнің ғана емес, барлық қоғамдық-әлеуметтік қажеттіліктердің идентификаторы болуы тиіс. Ана тілі бакалаврлар мен магистранттардың дүниетанымдық өй-өрісін кеңейтіп, олардың өзіндік тәрбиесін ұлттық құндылықтармен сусындатса, өзге тілдер қарым-қатынас жасау және кредиттік оқытуға сәйкес әлемнің кез келген беделді оқу орындарында білім алуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, студенттердің көпмәдениетті тұлға ретінде қалыптасуы олардың халықаралық ғылыми жобаларға қатысуын кеңейтуге, шетелдік әріптестермен бизнестік байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізулеріне және өз ұлтының ұлттық құндылықтарын өзге елдерге таныта алуларына мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.
2. Полимәдениетті ортада білім беру: Орта мектептің факультативтік курстары оқытушыларына арналған құрал. Алматы: ШДС "Парасат", 2001.-218б.
3. Әрінова Б.А. Жоғары оқу орындарында білім алушыларды көптілділік арқылы көпмәдениеттілікке тәрбиелеу жолдары. «Маман тілі және кәсіби көркем сөз». Ғылыми мақалалар жинағы: Алматы- 2014, 42-46 беттер